

Б.Қ. СУЛЕЙМЕНОВ, Ж.Ж. ТУРСУМБАЕВА, Ұ.А. МУРЗАБЕКОВА, А.Н. ЕШЖАНОВА, А.Н. ЖАМПЕИСОВА
 С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ анестезиология және реаниматология кафедрасы, Алматы қалалық ЖШККА

АРТЕРИАЛЫҚ ГИПЕРТОНИЯМЕН АУЫРАТЫН ЕГДЕ ЖАСТАҒЫ НАУҚАСТАРҒА АМБУЛАТОРИЯЛЫҚ КЕЗЕҢДЕ КӨРСЕТІЛЕТІН МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІҢ САПАСЫН БАҒАЛАУ

Денсаулық саласын нығайту бағытында жаалынып жатқан игі істердің арасында артериальдық гипертонияның таралуы мен алдын алу мақсатындағы атқарылып жатқан жұмыстардың алатын орыны еркіе екені белгілі. Өз кезегінде орындалып жатқан шараларды бағалаудың бірден бір объективті әдісі осы емдеу әдісімен қамтылған науқастардың жеке көзқарастарын сараптау болып табылады. Осыған дейінде бұл мақсатта атқарылып келген көптеген ғылыми еңбектердің көпшілігі ауруханада ем алып жатқан науқастардың көзқарасын анықтауға арналған болып келеді де, ал ауруханаға жатпай тұрып, алдын алу бағытында атқарылған зерттеу жұмыстары сирек кездесіп жатады. Сондықтан да біздің қолға алып отырған бұл жұмысымыз егде жастағы адамдар арасында көптеп кездесетін артериальдық гипертония ауруының таралуы мен оларға көрсетілетін көмектің сапасын жақсартуға бағытталды [1].

Түйін сөздер: Артериальдық гипертония, егде жастағы науқастар.

Жұмыстың мақсаты. Артериальдық гипертониямен ауыратын және жасы егде тартқан адамдарға көрсетілетін амбулаториялық көмектің сапасына арнайы ойластырылып шығарылған сауалнама негізінде баға беру.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Жасы 65-тен асқан, артериальдық гипертонияның II - III дәрежесімен есепте тұратын 154 науқастың амбулаториялық картасы іріктелініп алынып, олардың аурушаңдық көрсеткіштерінің кейінгі екі жыл аралығындағы динамикалық өзгерістері сарапталды.

Барлық науқастар А.В. Решетниковтің арнайы әлеуметтік мониторингтік бақылауға негізделген сауалнамаларымен қамтылды (2007).

Зерттеу қорытындысын талқылау. Әр науқасқа қатысты белгілі болған ақпараттар жекеленген хаттамалармен расталып, электрондық түрдегі жиынтық базасы енгізіліп отырды. Әр жастық топтарда анықталған сандқ дәрежелер мен материалдардың статистикалық өңдеуі (әр түрлі топтарға қатысты тіркелінген Фишера, Стьюдента критерийлері) «STATISTICA» бағдарламасы негізінде сарапталынып отырды.


Жүргізілген бақылаулар мен зерттеулер нәтижесінде төмендегідей қорытындылар алуға қол жеткіздік. Барлық зертемен қамтылған науқастардың 95,4%; өз тұрған аудандарындағы емханаларда есепте тұрып, артериальдық гипертонияға қатысты ем қабылдауда. Барлық есепке алынған науқастардың 2,9%; арнайы ведомствалық емханаларда ем алуын жалғастырып жатса, ал 1,7% шамасындағы науқастар қала ішіндегі жеке меншік ауруханаларда тіркелініп, емін жалғастырып жатқандары белгілі болды.

Жалпы жүргізілген зерттемен жасы 45-пен 75 арасындағы 224 адам қамтылса, олардың 162-і әйел, ал қалған 72-і ер адамдар болды. Барлық сауалнама барысында қамтылған респонденттердің жастық құрамы төмендегі кестеде берілген (кесте 1).

Кесте 1 – Науқастарды жасына байланысты топтастыру нәтижесі

Жастық топтар	Әйелдер	Ерлер	Барлығы	
			Саны	%;
45-55 жас	58	12	70	30
56-65 жас	49	33	82	35
66-75 жас	55	27	82	35
Барлығы	162	72	234	100

Біз зерттеуге алып, сауалнама жүргізіп отырған емхананың бүгінгі таңдағы көрсетіп жатқан медициналық көмегі мен дәрігер мамандардың науқастарға деген көзқарасын сараптау нәтижесі; 7,8%; жағдайда «жаман», 38,5%; жағдайда «қанағаттанарлық», 46,4% жағдайда «жақсы», 3,9% жағдайда «өте жақсы», ал 3,4%; жағдайда сауалнамамен қамтылып отырған науқастардың белгілі бір көзқарасты білдірте алмағаны белгілі болды.



Сурет 1 - Медициналық көмекті бағалау нәтижесі

Емханаға қатынау мүмкіндігін талқылау барысында барлық сауалнамамен қамтылған науқастардың 12,1% шамасы 5 минутта, 5-тан 10 минутқа дейінгі аралықта 39,2%; ал 10 минуттан 30 минутқа дейін - 34,5%; 30 минуттан артық уақытта емханаға қатынайтын науқастардың - 3,7% болғандығы анықталды. Дәрігерлерді үйге шақырып, тексерілетін науқастар барлық зерттеумен қамтылған адамдардың - 11,4% құрады.

Дәрігер мамандардың қабылдау уақытының «жайлы» екендігін - 59,2% шамасында растаса, ал арнайы алдын ала жазылған соң терапевт дәрігердің қабылдануында болу тек 98,4% жағдайда мүмкін екендігі белгілі болды. Бұл тұста сол алдын ала жазылған науқастардың - 1,2% тек екінші тәулікте ғана дәрігердің қарауында болғандығын, ал 0,4% жағдайда науқас адамдардың тек екі күннен кейін ғана терапевт дәрігердің қарауында болғандығын көрсетті.

Емханаға келіп, дәрігердің қарауын күту уақытын талқылау барысы 19,2% жағдайда 15 минутқа дейінгі уақытты көрсетсе, ал 15 минуттан 30 минутқа дейін уақыт кететінін 29,7% науқас, 30 минуттан 1сағатқа дейін уақыт кететінін 40,1% науқас, 1сағаттан 2 сағатқа дейін уақыттың кетуі мүмкін екендігін - 11,0% көрсетіп берді. Қойылған сұрақтардың нәтижесі науқастардың маман дәрігерлермен қабылдануына шамадан тыс уақыттың кетіп қалуы мүмкін екендігін көрсетті.

Соған қарамастан, сауалнамамен қамтылған респонденттердің 81,1% шамасы медицина қызметкерлерінің білімдігі мен біліктілігіне ешқандайда шүбә келтірмейтіндіктерін және де олардың 62,5% шамасы дәрігер мамандардың аурудың алдын алу барысында атқарып келе жатқан қызметтерінің сапалы да, оң нәтижелі екендігін атап көрсетті.

Барлық сауалнамаларға жауап беруге қатысқан артериальдық гипертониямен есепте тұратын науқастардың 68,4% шамасының өз дәрігерлеріне біліктілігіне сенетіндіктерін, ал 28,7% шамадағы науқастардың керісінше дәрігерлерінің біліктілігіне сене бермейтіндігін білдіртсе, ал сауалнамамен қамтылған науқастардың 6,9% шамасы осы мәселеге қатысты қойылған сұрақтарға бір жақты жауап бере алмайтындықтарын білдіртті.

Өз қаралып жүрген дәрігерлеріне сене бермейтін науқастардан осы мәселенің себебін сұрастыру нәтижесі көптеген емханада отырған мамандардың практикалық тәжірибелерінің аздығы мен үлкен адамдарға деген силастық көзқарастың кемдігімен байланысты екендігін көрсетіп берді.

Ары қарайғы жүгізілген зерттеулер барысында барлық науқастардың 70,8% мөлшерінің артериальдық гипертонияның алдын алуға байланысты ақпаратты медицина қызметкерлерінен алатынын білдіртсе, 9,8% шамасының емханан ішіндегі ақпараттық хабарландыру арқылы, 9,3% шамасының таныстары мен туыстарының көмегімен, ал 10,1% науқастардың ғаламтор немесе теледидар арқылы алатындықтарын білдірді.

Дәрігердің қабылдауында болған кезде қабылдаушы маман тек 79,3% жағдайда ғана АҚҚ өлшейтіндіктерін және де 58,1% жағдайда ғана терапевт дәрігер жазған дәрі дәрігерлерінің әсерін екейі тежеуілі түсіндіріп беретіндіктерін, ал 19,8% жағдайда мүлдем ештеме ай тып түсіндіріп жатпай құр ғана рецепті жазып бере салатындықтарын білдіртті.

Осы тұста, жасы ұлғайған қарт адамдардың өзін қараушы дәрігердің айтып берген сөздерінің көпшілік жағдайда түсінікті бола бермейтіндіктерін немесе олармен түсінікті қарапайым тілді емес, таза медициналық терминдерді қолдану арқылы сөйлесетіндіктерін атап көрсетіп, сол себепті де дәрігер мамандарға деген сенімділік көзқарастың төмендеп бара жатқанын байқатты.

Белгілі бір жағдайларға байланысты арыз-шағымдарды мамандардың мұқият тыңдауы немесе дұрыс тыңдамауы деген сұраққа 49,3% респондент «иә, дұрыстап тыңдайды»- деп жауап берсе, ал 27,4% респондент керісінше дәрігер мамандардың қызметіне қатысты арыз шағымдарды «мүлдем керек қылмайды» - деп жауап берді. Ал 16,8% респондент айтылған ұсыныстар мен арыз шағымдар «кейде, ескеріліп, кейде ескерусіз қалады» - деп екі ұшты жауап берді.

Дәрігер мамандардың кәсіптік білімділігіне қатысты қойылған сауалға 9,8% респондент «өте жоғары» -деп жауап берсе, 24,7% респондент «жақсы», 39,2% «қанағаттанарлық деңгейде», ал 19,7% «жаман» және 5,6% «өте жаман» деп жауап бергендігі тіркелінді.

Сонымен қатар, сауалнамамен қамтылған науқастардың 38,1% шамасы өз дәрігерлерінің олардың дерттеріне байланысты толғанып, ізденетіндіктерін атап көрсетсе, ал қалған 61,9% жағдайда емдеуші дәрігер мен науқас арасындағы ешқандайда оң бағыттағы байланысты жоқ екендігін көрсетті.

Зерттеумен қамтылған науқастардың 11,8% шамасы өз дәрігерлерінде бір жылдан аз уақыт емделіп жүргендіктерін, 24,5 % науқастың 1жылдан 3 жыл аралығында, 21,6% науқастың 3жылдан 5 жылға дейін, 26,1% науқастың 5 жылдан 10 жылға дейінгі уақыт аралығында, 16,0% науқастың 10 жылдан аса уақыт бойы бір ғана дәрігерге қаралып жүргендіктерін атап көрсетті. Барлық сауалнамамен қамтылған респонденттердің 79,1% шамасы дәрігердің жазып берген емін бұлжытпай орындайтындықтарын білдіртті.

Жүргізілген зертеулер нәтижесі науқастардың 43,8% шамасы емдеуші дәрігерлердің қажетті диагностикалық және емдік процедураларды дер кезінде қолданбағандықтарын атап көрсетсе, 12,4% жағдайда науқастар осы емдік және диагностикалық шараларды іске асыру барысында қателіктердің болғанын, ал 16,7% жағдайда ем қабылдаушы науқаспен емдеуші маман арасындағы түсінбеушіліктердің орын алғандығын анықтап берді. Орын алып отырған түсінбеушіліктер басым жағдайда (56,1%) тіркеу орнындағы қызметкерлермен болса, екінші орында емхананың әкімшілік бөлмесімен (18,4%) болғандығы тіркелінді.

Барлық сауалнамамен қамтылған респонденттердің 15,2% ғана жеке меншік құқығындағы емханалардың көбірек болғандығын қалайды. Кейінгі жылдардағы артериальдық гипертониямен есепте тұратын науқастарға деген емхана қызметкерлерінің көзқарасының оң бағытта өзгере бастағанын науқастардың 60,4% байқаса, ал 14,0% ешқандайда өзгерістің бола қоймағандығын білдіртті. Осы сұраққа байланысты нақты жауап берер алмаған науқастар 6,5% шамада болды.

Жалпы қала бойындағы денсаулық саласындағы оң өзгерістердің болып жатқандығын 33,2% респонденттер құптаса, 12,9% науқас «ешқандайда өзгеріс болған жоқ» - деп жауап берді. Ал науқастардың 6,5% бұл сұраққа нақты жауап бере алмады.

Демек, алынған сауалнамалық нәтижелер қаланың дәл ортасында орналасып, заманауи техникамен қамтылып отырған және де мамандары жеткілікті деп саналатын емхананың өзінде бүгінгі таңдағы науқастарға медициналық көмек көрсетудің сапасына қатысты бірқатар мәселелердің бар екендігіне көңіл аудартады. Сауалнамамен қамтылған респонденттердің 7,8% көрсетілетін медициналық көмектің бірден «жаман» деп бағалауы және әр сұрақпен қамтылған науқастардың 3,1% шамасы қойылған сұраққа қиналып, бір жақты жауап бере алмауы да бұл мәселеге қатысты көлеңкелі тұстардың бар екендігін көрсетті.

Қортындылай келгенде, артериальдық гипертониямен ауыратын егде жастағы науқастарға әлеуметтік сауалнама жүргізу – медициналық ұйым қызметінің сапасы туралы құнды ақпарат алудың тиімді, әрі қарапайым әдісі болып есептеледі. Осы әдісті қолдана отырып, артық шығын шығармай-ақ кез келген емхананың немесе аурухананың атқарып жатқан қызметіне әділ баға беруге әбден болады және де сол ұжымның жұмыс сапасын жақсартудың пәрменді механизмі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Томпсон А.А., Стрикленд А.Д. Стратегический менеджмент в здравоохранении. – М.: 2007. – С. 165-166.
- 2 Долинская М.Г. Управление качеством медицинской помощи. – М., 2009. – 328 с.
- 3 Сулейменов Б.Қ. Артериальдық гипертонияның алдын алуға кейбір мәселелер - Журнал Гигиена және эпидемиология журналы. №3.-2013.-45-49 бет.
- 4 Состояние здоровья населения и система здравоохранения РК (1991-2000 гг.). Статистический сборник. – Астана, 2002. С.68.
- 5 Дошциын Ю.П., Ветков В.И., Карпов Р.Д. Методические подходы к оценке состояния здоровья рабочих и служащих промышленных предприятий. //Системный анализ и моделирование в здравоохранении. – Новокузнецк. 1980, с. 340-341.
- 6 Ермаков С.П., Комаров Ю.М. Нормативный метод построения обобщенного индекса здоровья населения. //Системный анализ и моделирование в здравоохранении. – Новокузнецк. 1980, с. 345-347.

Б.Қ. СУЛЕЙМЕНОВ, Ж.Ж. ТУРСУМБАЕВА, Ұ.А.МУРЗАБЕКОВА, А.Н.ЕШЖАНОВА, А.Н.ЖАМПЕИСОВА
Кафедра анестезиологии и реаниматологии КАЗНМУ им. С.Д. Асфендиярова, БСНП г.Алматы

**ИЗУЧЕНИЕ КАЧЕСТВО ОКАЗЫВАЕМЫХ МЕДИЦИНСКИХ УСЛУГ МЕТОДОМ АНКЕТИРОВАНИЕ ПОЖИЛЫХ ЛЮДЕЙ СОСТОЯЩИХ
НА ДИСПАНСЕРНОМ УЧЕТЕ С АРТЕРИАЛЬНОЙ ГИПЕРТОНИЕЙ**

Резюме: Анонимное анкетирование больных артериальной гипертонией пожилого возраста является эффективным и простым методом получения ценной информации о качестве деятельности медицинской организации, «слабых местах» её работы, о соблюдении этико-деонтологических принципов медицинским персоналом. Введение социологического мониторинга в любом ЛПО является действенным механизмом улучшения качества её работы.

Ключевые слова: Артериальная гипертензия, пациенты пожилого возраста.

B.K. SULEYMENOV, ZH.ZH. TURSUMBAYEVA, U.A. MURZABEKOVA, A.N. ESHZHANOVA, A.N. ZHAMPEISOVA
The Pulpit anesthesiology and resuscitation KAZNMU im. S.D. Asfendiyarova, BSNP g.Almaty

**ASSESSMENT OF QUALITY OF MEDICAL CARE AT THE OUT-PATIENT STAGE TO PATIENTS WITH THE ARTERIAL
HYPERTENSION OF ADVANCED AGE**

Resume: Sociological poll of patients by an arterial hypertension of advanced age is an effective and simple method of obtaining valuable information on quality of activity of the medical organization. Introduction of sociological monitoring in any medical is the effective mechanism of improvement of quality of its work.

Keywords: Arterial hypertension, patients of the elderly age.